

жоғары эстетикалық талғамын қалыптастыру міндеттерін іск асыруда, кітап қорының тұтастай оқырмандар сұранысында болуында ықпал жасап, көптеген жұмыстар ұйымдастырылды. Кітапханада жасалатын жұмыстардың бірнеше түрі бар. Әдеби кештер, оқырман конференциясы, ауызша журналдар, әңгіме сағаттары, библиографиялық шолулар, кітап көрмелерінің түрлері. Кітап тазалығын қадағалау, жыртығын түптеу отыру. Алдымен ақын өмірі туралы деректерді тыңдасак, өнегелі өмір ақын өмірі мен шығармашылығына библиографиялық шолу. Елбасының жеке мұрағатына қабылданған бірнеше әңгімелерімен бірге жаңа шығармалары енгенін Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Назарбаевтың балалық шағы арқау болған шығармаларында болашақ Елбасының қаршадайынан еңбекті сүйгендігі, қиындықтан қорықпай биік мақсатқа ұмытылғандығы көргендердің көзімен бала танымына лайықты нанымды баяндалғанын оқушыларға түсіндірілді.



Әлемнің ақпараттық дәуірге аяқ басуы, саяси және экономикалық реформалар кітапханалардың сыртқы орта өзгерістеріне тез бейімделуін талап етеді. Кітапхананы басқару мақсаты нақты қызметкерлермен шынайы жұмыс жасау. Кітапхана жұмысы жемісті болуы үшін кітапхана жұмысын ұйымдастыру керек. Ұлылардың ұлысы-Абай атты тақырыбында әдеби-музыкалық кеш өткізілді. Ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, шығармашылығына шолу жасау, өлеңдерін, қара сөздерін мәнерлеп айтқызу. Көрмелер әр тақырыпта өзгерітіліп отырылады. Келген газеттерді уақытылы таратуын қадағалап отырамыз. Жасалынған көрмелерді оқушыларға таныстырылып отырылады. Оқушылардың кітап оқуға құмарлығын, кітап оқу арқылы олардың сөздік қорын, ой-өрісін дамуын, шығармашылық қабілетін арттыру. Оқушыларға кітапхана-ның кітап қорын қалай пайдалана білуге үйрету. Оқушыларға кітапхананың кітап